29 қараша ноября
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ
ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Қазір Қазақстан көптеген шетел адамдары құрметпен қарайтын, ықпалды мемлекетке айналды. Сондықтан біз қазақ тілінің болашағына қатысты теріс көзқарастан аулақ болуымыз керек. Тіліміздің тағдыры күмәнді, белгісіз деп зарлай берсек, өзге елдер мен халықтар бізге қалай қарайды, қалай сенеді?! Үнемі түңіле беру оң нәтиже әкелмейді, мұндай әңгімені доғаратын кез келгеніне көзіміз әбден жетті.

№134
(5032)
Бейсенбі
12 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

Елордада Қазақстан Тәуелсіздігінің 35 жылдығына дайындық басталды. Мемлекеттік мереке қарсаңында ғимараттар мен LED-экрандар безендірілді.

Ел Тәуелсіздігіне арналған мерекелік бейнелер 3D LED-экранда, алып шолу дөңгелегінде, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ ғимаратының қасбетінде және қаланың басқа да нысандарында көрініс тапты. Мерекеге арналған безендірулер тарихи датаның маңызын айшықтап, елордада ерекше мерекелік атмосфера қалыптастыруда. Еске салсақ, биыл 16 желтоқсанда еліміздің Тәуелсіздік алғанына 35 жыл толады.

МЕДИЦИНА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ КЕҢЕЙЕДІ

Астана тұрғындарының саны артқан сайын қаланың әлеуметтік нысандарын көбейтуге айрықша назар аударылып отыр. Бұл ретте медицина инфрақұрылымын дамытуға да мән берілген. Бүгінгі таңда қаланың көптеген ауруханаларында реконструкциялау жұмысы жүргізіліп жатыр.



ЖҮРГІЗУШІСІЗ КӨЛІК ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ?

Елімізде жүргізушісіз жүретін көліктерге қатысты жол ережелері толықты. Енді мұндай көліктер тек алдын ала белгіленген жолдармен жүріп, қашықтан бақылап отыратын оператордың басқаруында болады. Жаңа талаптар 20 қарашадан бастап күшіне енеді.

Жаңа ережеде жүргізушісіз көліктерге арналған жеке тарау бар. Оған сәйкес, мұндай көліктер тек арнайы белгіленген аумақта қозғала алады. Ол аумақтың шекарасы мен көлік жүретін бағыты алдын ала бекітіледі. Қозғалыс бағытын жолға жауапты мекеме немесе жергілікті атқарушы орган әзірлеп, жол қауіпсіздігіне жауапты органмен келіседі. Онда көліктің қай жолмен жүретіні, қай жерден кіріп-шығатыны, қайда тоқтайтыны және қандай жылдамдықпен қозғалатыны көрсетіледі. Көлік бұзылған немесе оператормен байланыс үзілген жағдайда, қауіпсіз тоқтайтын орын алдын ала белгіленеді. Көлік белгіленген аумақтан шыға алмайды. Жүргізушісіз көліктің қозғалысын қашықтан оператор



бақылап отырады. Ол көліктің белгіленген бағыттан ауытқымауын қадағалайды. Қауіп төнсе немесе көлікте ақау пайда болса, басқаруды өз қолына алады, ақау жойылып, жол жүруге қауіпсіз болғанда ғана қозғалысын жалғастыра алады.





№134 (5032) 12/11/2026 Бейсенбі



ТІЛ – БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫНЫҢ X ҚҰРЫЛТАЙЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!
ҚҰРМЕТТІ ДОСТАР!

Баршаңызбен бірге Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында бас қосып отырғанымызға ризамын. Бұл жиынның мән-мағынасы ерекше. Себебі ана тілі мәселесі – бұл мемлекеттік, саяси және ұлттық маңызы бар тақырып. Қазіргі таңда дүние жүзінде тіл өзекті, нәзік мәселеге айналып кетті. Бұл үрдіске бәріміз куә болып отырмыз. Ең алдымен, осы жерде сөз сөйлеп, мазмұнды ойларын ортаға салған азаматтарға алғысымды білдіремін. Салмақты пікірлер, ұтымды ұсыныстар айтылды. Соның бәрін мұқият қарап, алдағы жұмысымызда міндетті түрде ескеру қажет.

Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Тіл мерейі – ел мерейі» деген қысқа-нұсқа, мағынасы терең сөзі бар. Тіл – баршамызға ортақ құндылық. Тіл – Алланың құдіретінің арқасында адамдарға берілген үлкен сый әрі мүмкіндік. Тіл – адамзаттың негізгі жетістігі. Адам баласының ойдағыдай дамуының ең басты себебі де – тіл. Біз өркениетті ел ретінде ана тіліміз – қазақ тілінің абырой-беделін арттыру үшін бір ел болып табанды жұмыс істеуіміз керек. Бұл жиынның басты мақсат-міндеті де – осы.

«Қазақ тілі» қоғамының бұл құрылтайы шын мәнінде тарихи сәтте, яғни қасиетті Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығының қарсаңында өтіп жатыр. Қазақстан Егемендік жолының осындай айтулы межесіне беделі биік, болашағы жарқын ел ретінде қадам басып отыр. Тәуелсіздік туын көтергелі бері халқымыз көптеген белесті абыроймен еңсерді. Біртұтас ұлт болып, мемлекеттігіміздің іргетасын қалады және оны нығайта түсті. Берекелі бірлігіміздің арқасында біз соңғы жеті жыл ішінде ауқымды реформаларды табысты іске асырдық. Ел өмірінің барлық саласында түбегейлі өзгерістер жасап, тың бастамалар көтердік. Ең бастысы, халқымыздың темірқазығына айналған қастерлі құжат – Конституциямызды қабылдадық.

Қазақ тілі Тәуелсіздігіміздің мызғымас символы, Отанымыздың мемлекеттік тілі, ұлтымыздың мәңгілік жаны ретінде қабылдануы қажет. Басқа көзқарастың болуы мүмкін емес. Сондықтан қазақ тіліне сыйластықпен қарау – бұл азаматтық, адами борыш. Ал парыз қаншама қастерлі болса да, оның мықты негізі болуы керек. Біз экономикасы дамыған, инновациясы мен технологиясы үздік, әлем жұртшылығы мойындаған, өркениетті, мықты мемлекет болсақ, қазақ тілі де қуатты тіл болатыны анық. Мемлекеттің беделі артқан сайын мемлекеттік тілдің де абыройы күшейеді. Бұл – ақиқат. Бүгінде балабақша мен мектептерде балалардың басым бөлігі қазақ тілінде тәлім-тәрбие алып жатыр. Биыл мектепке барған оқушылардың 71 пайызы қазақ сыныптарына қабылданды. Колледждер мен университеттерде қазақ бөлімдерінің саны көбейді.

Қазақ тілі барлық салада, соның ішінде креативті индустрия саласында кең қолданыс табуда. Ана тіліміздегі жарық көрген кітаптардың, әндердің, фильмдердің нарықтағы үлесі ұлғая түсті. Мысалы, былтыр баспадан шыққан 6 мыңнан астам кітаптың 70 пайызы қазақ тілінде басылды. Ал биыл Қазақстанда түсірілген 71 фильмнің 63-і ана тіліміздегі жарыққа шықты. Айтылған деректердің бәрі жұртымыздың арасында қазақ тіліне үлкен сұраныс тудырды. Бұл – өте қуанышты жайт, жақсы үрдіс. Осындай жұмысты күшейте беруіміз керек. Төл тіліміз ұлтты ұйыстыратын, өркениетіміздің өрісін кеңейтетін «жұмсақ күшке» айналуда.

Халқымыз «Елдестірмек – елшіден» деп бекер айтпаған. Бұл азаматтарды еліміздің нағыз отаншыл перзенттері әрі рухани елшілері десек, артық болмас. Қазір Қазақстан көптеген шетел адамдары құрметпен қарайтын, ықпалды мемлекетке айналды. Сондықтан біз қазақ тілінің болашағына қатысты теріс көзқарастан аулақ болуымыз керек. Тіліміздің тағдыры күмәнді, белгісіз деп зарлай берсек, өзге елдер мен халықтар бізге қалай қарайды, қалай сенеді?! Үнемі түңіле беру оң нәтиже әкелмейді, мұндай әңгімені доғаратын кез келгеніне көзіміз әбден жетті. Қазақ елі барда қазақ тілі тұғырдан түспейді. Өткен замандарда саяси қысым болған кезде ана тіліміз әдебиетшілер мен тіл мамандарының, журналистеріміздің, зиялы қауым мен қарапайым азаматтардың арқасында аман қалды да, өзінің дамуын тоқтатқан жоқ. Бұл – тіпті, қазақ тілінің өміршеңдігі бірегей деген сөз. Ал қазіргі таңда тіліміздің келешегіне ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ деп анық айтуға болады. Бүгінде қазақ тілі озық технологиялар саласына кең ауқымда еніп, заман талабына сай дамып келе жатыр.

Елімізде сан алуан цифрлық платформалар табысты жұмыс істеп тұр. Оның бәрі қазақ тілінде қызмет көрсететін болды. Ана тіліміздің әлеуетін әлемнің озық технологиялық компаниялары да мойындай бастады. Мәселен, Open.AI компаниясы жүргізген зерттеуге сәйкес қазақ тілі соңғы үш жылда жасанды интеллект жүйесіндегі қолданыс аясы қарқынды кеңейіп жатқан тілдердің қатарына кірген. Ал Yandex компаниясы өзінің бір белгілі өнімін былтырдан бері қазақ тілінде қолданатын адамдардың саны 30 пайызға артқанын мәлімдеп отыр. Сондай-ақ өткен жылы Google компаниясы қазақ тілін Gemini тілдік моделіне енгізді. Мұның бәрі – қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту үшін жүргізілген жүйелі жұмыстың бір нәтижесі. «Алтын шыққан жерді белден қаз» деген. Сондықтан біз осы бағытта басталған өте қажетті әрі маңызды жұмысты тоқтатпай, жалғастыра беруіміз керек.

Ең біріншіден, алдымызда қазақ тілінің ұлттық цифрлық деректер қорын жасақтау міндеті тұр. Жалпы, біз қазақ тілінің сөздік қоры өте бай деп жиі айтамыз. Мұның шындық екені де күмәнсіз. Әдеби-мәдени мұрамыз да ұшан-теңіз. Алайда сол дүниенің көбі кезінде цифрлық жүйелерге толық әрі сапалы көшірілді деп айту қиын. Сол себепті мұрағатта немесе кітапханаларда ғана сақталған қазақ тіліндегі кітаптарды, мерзімді басылымдарды, аудио-бейне жазбаларды, мұрағат (архив) және мұражай (музей) қорларын цифрлық форматқа көшіру ісін қайта жандандыру қажет. Халқымыздың өшпес мұрасы мен рухани байлығы қағаз бетінде емес, цифрлық кеңістікте сақталуға тиіс. Келешек ұрпақ осы игі істің жақсылығын көреді.

Бұған қоса, инженерия, медицина, құқық, экономика сияқты түрлі ғылымды және ақпараттық технологияларды қазақ тілінде үйренуге барынша қолайлы жағдай жасалуы керек. Бұл тұста, ең алдымен, сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын даярлауға баса мән берген жөн. Өкінішке қарай, бұл мәселе бойынша көп қателік жасалды, олқылықтар да аз емес. Әрине, бұл – қазақ ғылымының, яғни ғалымдардың әлеуеті мықты болуы қажет деген сөз. Ғылым дамыса, қазақ тілі де ғылым мен өндірістің тілі болмақ. Тарихи деректер мен мысалдар жеткілікті, мәселен – парсы, француз тілдерінің тарихы, ал қазіргі дәуірде ағылшын тілі бірінші қатарға шықты. Бұл тұста жоғары оқу орындарының рөлі аса маңызды. Университеттер қазақ тіліндегі ғылыми-зерттеу еңбектеріне айрықша назар аударуы қажет.

Осы жерде тағы бір өзекті мәселеге тоқталып өткен жөн деп санаймын. Бұл – тілдегі бірізділік мәселесі. Өкінішке қарай, қазір қазақ тіліндегі кейбір сөздер, ұғымдар, тіпті, түсініктер әртүрлі қолданылып жүр. Бұл жылы жауып қоя салатын жеңіл-желпі дүние емес. Себебі мұндай жағдай жұртты шатастырып, тіл тазалығына кері әсерін тигізеді. Сондықтан қазақ тілін қолдану ісінде нақты жүйенің, белгілі бір тәртіптің болуына баса мән берген жөн. Жалпы, осы мәселеге кең ауқымда қарағаны дұрыс. Ең алдымен, емле мен ережені түгендеп, жүйелеу керек. Бұған қоса, барлық сөздікті, соның ішінде орфографиялық сөздікті жаңартатын уақыт келді. Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен ресми түрде бекітілген Қазақ тілінің орфография сөздігі Кеңес заманында, яғни 1983 жылы шыққан. Әрине, одан кейін де бірнеше сөздік жарық көрді. Алайда олардың ешқайсысы мемлекеттік деңгейде бекітілмеген, заңды күші жоқ. Кейбір көрші мемлекеттерде мұндай ғылыми еңбектер бес жыл сайын жаңартылып отырады. Сондықтан біз де қазақ тілі орфографиясының ғылыми негізін зерделеп, жедел түрде ретке келтіруіміз керек. Осы жұмысты келесі жылдың соңына дейін аяқтау қажет.

Бірақ жалпы тіліміз басқа іргелес елдердің тілдерімен салыстырғанда әлдеқайда таза деп айтсақ, дұрыс болар. Мысалы, бұрын өте сирек пайдаланған немесе мүлде пайдаланбаған «тұжырымдама, қағидат, жоспар, сыйақы, шәкіртақы, еңбек өтілі, кешенді, әмбебап, жүйелі, тыңайтқыш, жанармай, көгалдандыру, босқын, қырғи-қабақ соғыс, қоқан-лоқы, лаңкестік, есірткі, бітімгерлік күштер, мәмілегер, ғарыш, зымыран, жаһан, ғаламтор, тікұшақ, жасанды сана, пайыз, сынып» сияқты сөздер тіліміздің кең қолданыс тапты. Бұл – жақсы дүние. Бірақ әр жақсы құбылыстың шегі болуы керек. Мысалы, «күйсандық (пианино), қылтима (балкон), субұрқақ (фонтан), себезгі (душ), қырыққабат (капуста), үнқағаз (газет), жеделсаты (лифт), желкөз (форточка)» және тағы басқа жасанды сөздердің қажеттілігі екіталай сияқты.

Соңғы кезде дінге қатысты көне сөздеріміздің орнына араб сөздерін жиі қолдану сән болып кетті. Мұның да қажеттілігіне күмән бар. Жалпы, осының бәрі – өте өзекті мәселелер, сондықтан кәсіби ғалымдар өздерінің салмақты пікірлерін ортаға салуы қажет.

Тіл ғылымына қатысты әмбебап, бәріне қолжетімді цифрлық жүйе әзірлеу маңызды. Бұл міндетті мемлекеттік деңгейде сапалы орындау үшін құрамына кәсіби тіл мамандары, ғалымдар, сарапшылар мен жалпы қоғам өкілдері кіретін арнайы жұмыс тобын құрған жөн деп санаймын. Жұмыс тобының қызметін үйлестіру Президент Әкімшілігіне жүктеледі. Қазақ тілін халықаралық тілдер қауымдастығында өз орны бар тіл ретінде дамытуымыз керек. Ана тіліміздің өзге тілдермен байланысын қамтамасыз ету өте маңызды. Осы орайда, «Қазақ тілі» қоғамы жүзеге асырған Oxford Qazaq Dictionary жобасын жалғастыру керек деп есептеймін. Мен өзім бұл сөздікті қарап шықтым, жалпы пайдалы еңбек деп санаймын.

Қазақ тілін Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі ресми тілдерімен жалғайтын сапалы екі тілді және көптілді сөздіктер әзірлейтін уақыт келді. Қазақ-француз, қазақ-испан, қазақ-қытай, қазақ-араб, сонымен қатар, қазақ-неміс, қазақ-итальян, қазақ-жапон, қазақ-корей, қазақ-парсы сөздіктерін жасау қажет. Қазақ-орыс сөздігін уақыт талабына сай жаңартқан жөн. Сөздіктердің электрондық нұсқасын әзірлеп, үнемі толықтырып отыру керек. Тілдің халықаралық байланысын нығайту арқылы мәдени және ғылыми ықпалдастыққа жол ашылады, еліміздің зияткерлік әлеуеті артады. Бірақ тілдің болашағы тек сөздік пен оқулыққа байланысты емес. Адам қай тілде ақпарат іздеп, фильм көріп, білім алса, сол тілдің әлеуеті күшейе түсетіні анық. Сондықтан цифрлық кеңістікте қазақ тіліндегі сапалы әрі тартымды өнімдерді көбейту – аса маңызды міндет. Әсіресе, қазақ тілін өздігінен үйренуге мүмкіндік беретін IT-өнімдер, балалардың тілін дамытуға арналған фильмдер мен ойындар көп болуы қажет.

Қазақша ақпараттың аясы, яғни қазіргі тілмен айтсақ, қазақ тіліндегі контенттің ауқымы мейлінше кең болғаны дұрыс. Ғылым, технология, мәдениет, кәсіпкерлік, спорт және басқа да өзекті тақырыптар бойынша сапалы өнім әзірленген жөн. Жалпы, осындай жобаларға мемлекет тарапынан нақты қолдау көрсету қажет. Бұл мәселе бойынша арнайы жұмыс тобын құруға болады.

«Қазақ тілі» қоғамы – осы жұмыстың алғы шебінде тұрған іргелі ұйым. Бәріміз бұл ұйымды қолдауымыз керек. Қоғам құрамында үш жылдан бері Qazaq Tili Endowment Qory жұмыс істеп тұр. Мен өзім де бұл маңызды бастамаға қолдау көрсеттім. Ел азаматтары да осы игі іске өз үлесін қосуда. Кәсіпкерлеріміз де өз ынтасын көрсетіп, «Қазақ тілі» қоғамына белсенді түрде қаржылай жәрдем беретініне күмәнім жоқ. Тіл – халық қазынасы. Сондықтан ұйымның бұл қызметін шын мәнінде халықтық мүддені көздеген іс деп айтуға толық негіз бар. Осы орайда, ұйым қолға алған тағы бір маңызды бастаманы атап өткім келеді. Маған «Қазақ тілі» қоғамының басшысы Рауан Кенжеханұлы «Дала орманы» деген жақсы жобаны таныстырды. Бұл ұйым бір жылдың ішінде серіктестерімен бірге 400 гектар жерге 5 миллион тал еккен. Осы жұмыстың нәтижесінде еліміздің үш облысында 4 үлкен орман питомнигі құрылған. Енді оның ауқымын одан әрі кеңейту керек. Әр ауылдың маңынан 25, аудан орталығының қасынан 50, ал үлкен қалалардың маңайынан 100 гектардан көшеттер өсіретін саябақтар ашу жоспарда бар екен. Мен мұны толық қолдаймын. Дұрыс бастама. Үкімет пен әкімдіктер де бұл жұмысқа атсалысуы қажет. Осы жобаның арқасында Қазақстандағы орман алқабын 14,5 миллион гектарға дейін ұлғайтуға мүмкіндік туады.

ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!

Қазақ тілі ұлт бірлігінің мызғымас тұғыры саналады. Осы орайда, мен мемлекеттік тілді жетік меңгерген өзге ұлттардың өкілдерін айрықша атап өткім келеді. Олардың арасында қазақ тілін үйретумен айналысатын білікті мамандар бар. Әлеуметтік желі арқылы тілімізді дәріптеп жүрген азаматтар да аз емес. Мұндай адамдар тіліміздің дамуына үн қосып, оның жарқын келешегін нақты іспен жасап жатыр. Солардың еңбегін біз сыйластықпен, ризашылықпен қабылдауымыз керек. Жалпы, соңғы жылдары мемлекеттік тілді меңгергісі келетін адамдардың қатары көбейіп жатыр. Оларға барынша жағдай жасау – біздің азаматтық парызымыз. Қазақ тілін тез әрі оңай үйренуге мүмкіндік беретін озық әдістемелер, соның ішінде цифрлық оқу құралдарын әзірлеу қажет. Жалпы, бұл мәселе қоғамда жиі айтылып жүр. Осы жұмысқа тіл мамандарын, ақпараттық технология саласының өкілдерін жұмылдырған жөн.

Қазақ тілін білетін адам қазақ халқын, жалпы Қазақстанды танып-біледі. Тілді меңгерген әрбір азамат еліміздің тарихы мен мәдениетін тереңірек түсінеді. Мен Қазақстан Халық Кеңесінің бірінші сессиясында ел бірлігін бекемдейтін ең маңызды фактор мемлекеттік тіл екенін нақты айттым. Дегенмен мына нәрсені есте ұстаған абзал: қазақ тілін дамыту еліміздегі өзге тілдердің дамуына кедергі келтіру емес. Басқаша айтқанда, ана тіліміздің басқа тілдерге қарсы қоюға мүлдем болмайды. Тілдерді пайдаланып, қоғамдық жанталас, жанжал жасағысы келетін арандатушылар өте қауіпті істермен айналысып жүр. Сондықтан оларды «Заң мен тәртіп» қағидасына сәйкес жауапкершілікке тарту керек. Осы жерде тағы да қайталап айтқым келеді: кез келген тілге қарсы шығу – Жаратқанның адамға берген нығметіне қарсы шығумен бірдей. Бір тілді басқа тілге қарсы қоюға болмайды. Бұл – үлкен күнә. Оның салдарын өз көзімізбен көріп жатырмыз. Біз қазақ тілін ең алдымен бірлік пен ынтымақ тілі ретінде дамытуымыз керек. Ана тіліміз жаһан жұртшылығына тартымды тіл болуы керек.

Мен еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар азаматқа мемлекеттік марапат тапсыру туралы Жарлыққа қол қойдым. Баршаңызға құтты болсын! Қастерлі Отанымыз – Қазақстан мен қасиетті құндылығымыз – қазақ тілі жасай берсін!

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

Қалалық қызметтердің қысқы кезеңдегі қолайсыз ауа райы жағдайларына дайындығын тексеру үшін «Қыс-2026» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті.



Ауқымды оқу-жаттығуға апаттық-құтқару бөлімшелері, коммуналдық қызметтер және тұрғындардың қауіпсіздігі мен тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге жауапты елордаға негізгі ұйымдары қатысты.

Алғашқы кезеңде штабтық жұмыс пен жедел-тактикалық жоспарлауға басымдық берілді. Азаматтық қорғау қызметтерінің басшылары жеке құрам мен техниканың дайындығы туралы есеп беріп, төтенше жағдай кезінде атқарылатын жұмыстардың тәртібін нақтылады. Бұдан бөлек, ауа райы күрт нашарлаған жағдайда, түрлі ведомстволық бірлесіп әрекет ету мәселелері пысықталды.

Іс-шараның практикалық кезеңіне Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерсін Өтебаев қатысты. Оқу-жаттығу аясында жеке құрам мен арнайы техниканың ауқымды саптық байқауы өтті. Авария-құтқару, арнайы және коммуналдық техника, сондай-ақ аязды күндері жолды қардан тазартуға, құтқару жұмысын жүргізуге және апаттарды жоюға арналған жабдықтар тексерілді.

Оқу-жаттығу кезінде қарлы боран, жел, аяз кезінде және ауа райына байланысты тасжолдарда көлік қозғалысы шектеліп, кептеліс пайда болған жағдайда жедел әрекет ету жолдарын пысықтады.

«Қыс-2026» республикалық оқу-жаттығуы елорданың барлық ведомстволық бірлесіп жұмыс істеуге және қыс мезгілінде болуы мүмкін төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге дайын екенін көрсетті.



ИНВЕСТИЦИЯ АҒЫНЫ АРТТЫ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында елордадағы кәсіпкерлік пен инвестиция қызметін дамыту, мәдениет және креативті индустрия саласындағы жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ жастарды спортқа тарту мәселелері қаралды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Жиында Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов кәсіпкерлікті дамыту, инвестиция тарту және бизнесті қолдау бағдарламаларының іске асу барысы туралы есеп берді.

Басқарма басшысының айтуынша, 2026 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша елордаға тартылған инвестиция көлемі 1,9 триллион теңгеге жетіп, нақты өсім 5,2 пайызды құрады. Оның ішінде жеке инвестициялар көлемі 1,4 триллион теңгеге жеткен. Ал тікелей шетелдік инвестициялар 3,2 миллиард АҚШ долларын құрап, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,8 есеге артқан.

– Қазіргі уақытта елордада шетелдік капиталдың қатысуымен жалпы құны 1,2 триллион теңгені құрайтын 20 жоба іске асуда. Аталған жобалар аясында 10,2 мың жұмыс орнын ашу көзделген. Ал кәсіпкерлікті дамытуға келсек, биылғы бірінші тоқсан қорытындысы бойынша Астана қаласының жалпы өңірлік өніміндегі шағын және орта бизнестің үлесі 58,6 пайызды құрады, – деді Халел Әкімжанов.

Сонымен қатар басқарма басшысы елордада 248 мың шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейтінін атап өтті. 2026 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша аталған салада 468 мың адам жұмыспен қамтылған.

Қоғамдық кеңес отырысында мәдениет пен креативті индустрия саласындағы жобалардың жүзеге асу барысына да назар аударылды. Атап айтқанда, мәдени бастамаларды қолдау, шығармашылық индустрияны дамыту және осы бағыттағы жобалардың тиімділігін арттыру мәселелері талқыланды. Бұдан бөлек, жастарды спортқа тарту, спорт секцияларының жұмысын жетілдіру және бұқаралық спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар қаралды.

Отырыс барысында кеңес мүшелері аталған салалардағы жұмыстардың нәтижелерін саралап, өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдарын талқылады.



ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ – НАЗАРДА

Жыл басынан бері Астанада заңсыз қоқыс орындарынан 232 мың тоннадан астам қалдық шығарылды. Елорда аудандарында аумақтар тұрақты түрде тексеріліп, оның ішінде ғарыш мониторингі жүргізіледі. Анықталған орындар тазартылып, абаттандыру ережелерін бұзғандар әкімшілік жауапқа тартылады.

Нұра ауданында 64 аумақ тазартылып, 96 мың тоннадан астам қоқыс шығарылып, 66 жеке және 153 заңды тұлға әкімшілік жауапқа тартылды.

Сарыарқа ауданында 19 заңсыз қоқыс орны анықталып, жойылды. Бұл аумақтардан 16 мың тоннадан астам қалдық шығарылды.

Байқоңыр ауданында 38 аумақ тазартылып, 40 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды.

Есіл ауданында ғарыштан бақылау арқылы заңсыз қоқыс төгілген 4 аумақ анықталды. Ондағы 19 орынның барлығы тазартылды. Жыл басынан бері аудан аумағынан 45 мың тоннадан астам қоқыс шығарылған. Бұл жағдай қайталанбас үшін қоқыс жиі төгілетін орындарға қоршаулар қойылып жатыр.

Сарайшық ауданында ғарыш мониторингінің көмегімен 25 заңсыз қоқыс орны анықталды. Олардың барлығы жойылды. Жыл басынан бері ауданнан 35 мың тоннадан астам қалдық шығарылды.

ХАЛЫҚҚА ҚОЛАЙЛЫ «ҚАУІПСІЗ ҮЙ»

Соңғы бір айда елордада «Қауіпсіз үй» республикалық профилактика іс-шарасы өтті. Оның негізгі мақсаты – тұрғын үй секторындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, проблемалық мекенжайларды анықтау және полицияның тұрғындармен өзара байланысын нығайту.



Осы бағыттағы жұмыс жайлы елорданың Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласының Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы Марат Өмірбаев жаңжақты мәлімет берді.

Оның айтуынша, іс-шара аясында полиция қызметкерлері көпқабатты тұрғын үйлерді, жатақханаларды, жалға берілетін пәтерлерді және қараусыз қалған нысандарды аралап, тексеру жұмысын жүргізді. Жалпы, тұрғын үй секторының 26 мыңнан астам нысаны қамтылды. Сонымен қатар тұрмыс және мүлік қылмыстарының алдын алуға, профилактика есебінде тұрған және бұрын сотталған адамдарды тексеруге, сондай-ақ қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтардың жолын кесуге ерекше назар аударылды.

Іс-шара барысында халықпен өзара байланысты нығайтуға да басымдық берілді. Тұрғын үйлердің кіреберістері мен ортақ чаттарда QR-кодтар орналасқан. Олардың көмегімен тұрғындар аулалар мен тұрғын аумақтардың қауіпсіздігін жақсарту жөнінде ұсыныстар жолдап, құқық бұзушылықтар мен проблемалық учаскелер туралы хабарлай алады.

– Профилактика іс-шарасы полиция қызметкерлерінің тұрғындармен байланысын нығайтуға, проблемалық мекенжайларды анықтауға және тұрғын үй секторындағы қауіпсіздік мәселелерін жүйелі түрде шешуге мүмкіндік берді. Полиция департаменті елорда тұрғындарын қоғамдық тәртіпті сақтауға және қауіпсіздік мәселелеріне бейжай қарамауға шақырады. Аулалар мен тұрғын үйлердегі проблемалық жағдайлар бойынша азаматтар өздерінің учаскелік полиция инспекторларына жүгіне алады. Олардың өзекті байланыс деректері мен телефон нөмірлері үй чаттарында орналасқан ақпараттық парақтарда көрсетілген. Қауіпсіз орта қалыптастыру – ортақ міндет. Тұрғындар мен полицияның бірлескен жұмысы арқылы ғана аулалар мен тұрғын үйлердегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге болады, – дейді Марат Өмірбаев.

TATULYQ.KZ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

Бас қалада Tatulyq.kz әлеуметтік жобасының 2026 жылғы жұмыс қорытындысына арналған брифинг өтіп, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасы құндылығын нығайту және қоғамда зорлық-зомбылыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыру бағытында жыл бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесі таныстырылды.

Жоба аясында дайындалған материалдар арқылы тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, оның салдары, құқықтық жауапкершілік, отбасындағы өзара құрмет пен қауіпсіз қарым-қатынастың маңызы туралы ақпараттар түсіндірілді.

– Елімізде отбасы институтының құлдырауы, отбасы құндылығының әлсіреуі және әртүрлі келеңсіздіктің орын алып жатқаны, оның ішінде адам өлімінің, әсіресе әйелдер өлімінің болып жатқаны қоғамды алаңдатып отыр. Соған байланысты жоба аясында оқиғалардың алдын алу үшін жоспарға сәйкес бірқатар іс-шара өткіздік. Басты мақсат – азаматтардың құқықтық сауатын арттыру, оларға психологиялық қолдау көрсету және отбасындағы қысымға төзбеу психологиясын орнату. Осы бағытта жастар арасында насихаттау жұмысы жүргізіліп жатыр. Көптеген қаланы аралап, жоба барысында жұмыс жасап келдік, – дейді «Ұлттық құндылықтар академиясы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әділхан Дүйсебек.

Жиын соңында Tatulyq.kz жобасының 2026 жылғы негізгі көрсеткіштері ұсынылып, атқарылған жұмыстардың нәтижелері қорытындыланды.



№134 (5032) 12/11/2026 Бейсенбі

МАҚСАТ – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, азаматтардың құқығын қорғау – қоғам алдында тұрған маңызды міндет. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Ербол Жолданғар көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша 2026 жылдың 9 айында атқарылған жұмыстың қорытындысы туралы айтып берді.



– Ербол Қабдығалиұлы, департамент мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мен азаматтардың құқығын қорғау бағытында біраз жұмыс атқарып жатқанынан хабардармыз. Осы жүйелі жұмыстар туралы айта кетсеңіз.

– Иә, біз бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп жатырмыз. Басты мақсатымыз – мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттырып, азаматтардың құқығын сенімді қорғау. Сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету үшін әдістемелік көмек көрсетеміз. Егер қандай да бір заң бұзушылықтар анықталса, оларды жою бойынша ұсынулар жасап, алдағы уақытта қайталанбауы үшін тиісті ұсыныстар жолдап отырамыз.

– Осы есептік кезеңде атқарылған мемлекеттік бақылаудың нәтижелеріне тоқтала кетсеңіз. Нақты қандай тексеру іс-шаралары өтті?

– Бақылау нәтижелері біраз өзекті мәселені алға тартты. Заң талаптарының сақталуын тексеру үшін 7 жоспарлы тексеру, 17 сыртқы байқау өтті. Оған қоса, азаматтар мен заңды тұлғалардан түскен өтініштер негізінде 14 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 100-ден астам сұрау жолданып, тексерілді. Нәтижесінде жалпы саны 76243 бұзушылық анықталды. Толығырақ айтсақ, оның ішінде 1213-і мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзу болса, 19785 жағдайда қызмет көрсету мерзімі сақталмаған. 55034 рет қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту дерегі тіркелді, сондай-ақ 211 басқа да бұзушылықтар орын алды. Осы кемшіліктерді жою мақсатында тиісті ұсынулар енгізіліп, нәтижесінде 199 қызмет алушының бұзылған құқығы қалпына келтірілді. Бұл жұмыс қызмет сапасын тұрақты бақылап отырудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Сол себепті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен үйлестіру жұмысын жүргізіп, мұндай тексерулердің қайталануына жол бермеу шараларын қолға алдық.

– Ал халықтан тікелей түсетін арыз-шағымдардың қаралу барысы қалай болып жатыр?

– Ол жағынан да нақты нәтижелер бар. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша келіп түскен 124 қызмет алушылардың шағымы жан-жақты қаралып, жүгінген қызмет алушылардың жүз пайызының құқығы қалпына келтірілді, көтерілген мәселелері оң шешімін тапты.

– Жұмысында кемшілік жіберген немесе анықталған заң бұзушылықтарға жол берген қызметкерлерге қандай шаралар қолданылды?

– Заң бұзушылықтарға жол берген лауазымды тұлғалар жауапкершіліктен тыс қалған жоқ. Тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына қатысты 5 әкімшілік хаттама толтырылып, 212320 теңге айыппұл салынды. Сонымен қатар 29 қызметкер тәртіптік жауапқа тартылды.

– Азаматтардың құқықтық сауатын арттыру және мұндай бұзушылықтардың алдын алу үшін қандай түсіндіру жұмысы жүргізілуде?

– Біз тек тексерумен шектелмейміз, халыққа түсіндіру және имидж жұмысына, қызмет берушілердің өзін оқытуға да белсенді көңіл бөлеміз. Тұрғындардың хабардарлығын арттыру үшін халыққа қызмет көрсету бөлімдері мен сауда үйлері сияқты адам көп шоғырланған орындарда «Қызмет алушылар күнін» өткіздік. Сонымен қатар «Елге қызмет» телебағдарламасы ұйымдастырылып, тікелей эфирлер, семинар-лекциялар өтті, БАҚ-та мақалалар жарияланды. Жалпы алғанда, 100-ден астам түсіндірме іс-шарасын өткіздік.

– Қоғам өкілдерімен кері байланыс жасау және қызмет көрсетуді әрі қарай жетілдіру бағытында қандай жаңа бастамалар бар?

– Департамент жанында ведомствоаралық жұмыс тобы жұмыс істейді. Жұмыс тобына қоғам өкілдері белсенді қатысып, оның отырыстарында мемлекеттік қызмет көрсетудегі ең өзекті мәселелерді талқылады, 31 қызмет берушілерге тиісті ұсыныстар берілді. Оған қоса, елорданың 22 мемлекеттік органдары мен ұйымдарында қоғамдық мониторинг жүргіздік. Сондай-ақ қызметтерді жетілдіру, құқықтық реттеу мен автоматтандыру бойынша 28 бастамашылық ұсыныс әзірленді. Тұтас алғанда, барлық шараларымыз мемлекеттік қызметтің сапасын арттырып, азаматтардың құқығын сенімді қорғауға бағытталған.

Астанада отбасы құндылығын насихаттап, бала тәрбиесі, ата-ана жауапкершілігі, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас пен тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелерін көтеретін «Отбасы өнегесі» медиа-жобасы көрермен назарына ұсынылды. Жобаның алғашқы шығарылымдары небәрі 10 күнде 3 миллионнан астам қаралым жинаса, қазір бұл көрсеткіш 8-9 миллионға жуықтаған.

«ОТБАСЫ ӨНЕГЕСІ» – ТАҒЫЛЫМДЫ ЖОБА

– Жобаны қолға алуымыздың өзіндік себептері бар. Біз бүгінде отбасы институтын нығайту, ұлттық құндылықтарды сақтау, бала тәрбиесі, ата-ананың жауапкершілігі туралы жиі айтамыз. Алайда осы мәселелерді қоғамға қандай тілмен, қандай форматта жеткізіп жүрміз? Біздің айтқанымыз әр отбасындағы ата-ананың жүрегіне жетіп жатыр ма? Міне, осы сұрақтар жиі туындайтын. Сосын біз, комиссия мүшесі ретінде, күнделікті жұмыс барысында түрлі отбасы мәселелерімен бетпе-бет келеміз ғой. Отбасындағы түсіністеушілік, ажырасу, тұрмыстағы зорлық-зомбылық, бала тәрбиесіндегі қиындықтар, ұрпақтар арасындағы байланыстың әлсіреуі сияқты мәселелердің түп төркінінде отбасы мүшелерінің бір-біріне құлақ салмауы, түсінуге тырыспауы, жауапкершілікті сезінбеуі және тағы да басқа себептер жатқанын байқаймыз. Сондықтан біз тек мәселенің салдарымен күресіп қана қоймай, оның алдын алуға ықпал ететін ашық әрі мазмұнды мәселелер талқыланатын алаң құруды жөн көрдік, – дейді Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары, Астана қаласы әкімінің гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Назгүл Мақжан.

Оның айтуынша, жобаның мақсаты – отбасы құндылығын насихаттап қана қоймай, қоғамдағы өзекті мәселелерді ашық талқылау, шынайы оқиғалар арқылы адамдардың көзқарасына ықпал ету.

Сондай-ақ спикер медиа-жоба 9 бағыт бойынша дамитынын айтты.

«Үйден үйренгенім» айдарында отбасынан алған тәрбие, өмірлік сабақ пен ұрпақтан-ұрпаққа берілетін өнеге сөз болады.

«Екеуара» бағытында ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластық, сенім, жауапкершілік және диалог мәдениеті, некенің беріктігі мәселесі кеңінен талқыланады.

«Бала жүрегі» айдарында баланың психологиялық және эмоционалдық жағдайы, ата-ана мен бала арасындағы байланыс, оның тұлға болып қалыптасуы қарастырылады.

«Әке сөзі» жауапты әке, әкенің бала тәрбиесіндегі орны мен отбасындағы міндеттеріне арналады.

«Ана әлемі» ананың қоғамдағы және отбасындағы рөлін, әйелдің тұлғалық дамуы мен отбасы және кәсіби өмір арасындағы тепе-теңдікті қамтиды.

«Дәстүрдің мәні» бағытында ұлттық салт-дәстүрлердің мағынасы мен тәрбиелік маңызы талқыланады.

«Үш ұрпақ» айдары ата-әже, әке-ана және балалар арасындағы сабақтастықты, үлкенге құрмет көрсету мен кішіге ізетті болуды дәріптейді.

«Сыннан бірге» бағытында өмірдің түрлі сынағына тап болған отбасылардың шынайы оқиғалары, соның ішінде ерекше бала тәрбиелеп отырған ата-аналардың тәжірибесі ұсынылады.

«Қауіпсіз отбасы» айдарында тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау, психологиялық қауіпсіздік және жеке шекараны құрметтеу мәселелері көтеріледі.

Жоба жетекшісі әрі жүргізушісінің айтуынша, «Отбасы өнегесі» медиа-жобасы бастапқы шығарылымдарын жариялап үлгерді. Алғашқы қонақтар қатарында ҚР еңбек сіңірген қайраткері, әнші Светлана Айтбаева, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымдарының магистрі Арайлым Рахым және отбасы психологы, «Отбасы академиясының» негізін қалаушы Ержан Мырзабаев бар.

МЕДИЦИНА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ КЕҢЕЙЕДІ

Елордада медицина инфрақұрылымын дамытуға бағытталған екі ірі жоба іске асып жатыр. Қазір №2 қалалық көпбейінді аурухана жанындағы қабылдау-диагностика кешені мен №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасына жапсарлас ғимарат салу және оны реконструкциялау жұмысы аяқталуға жақын. Екінші жоба балаларға шұғыл травматология көмегін көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталған.



Жобалар іске асқаннан кейін медицина мекемелерінің науқастарды қабылдау, диагностикалау және шұғыл көмек көрсету мүмкіндігі артады. Сонымен қатар емдеу процесін тиімді ұйымдастыруға қажетті қосымша жағдай жасалады.

№2 қалалық көпбейінді аурухана жанынан қабылдау-диагностика кешенін салудағы басты мақсат – ауруханаңың екі корпусын науқастарды қабылдау, диагностикалау және шұғыл медициналық көмек көрсету жүйесіне біріктіру. Кешенде заманауи операция бөлмелері, реанимация бөлімі, қарқынды терапия палаталары және науқастарды шұғыл тексеру мен емдеуге арналған арнайы кабинеттер қарастырылған. Медицина мекемесі жоғары технологиялы жабдықтармен қамтамасыз етуге де ерекше көңіл бөлінген. Атап айтқанда, кешен компьютер және магнит-резонанс томографиясымен, сондай-ақ қан тамырларын зерттеуге арналған ангиографпен жабдықталады. Жобаның негізгі жаңалығының бірі – бірыңғай қабылдау бөлімін ашу. Онда науқастар жағдайының ауырлығына қарай тиісті бөлімдерге жіберілуі ұйымдастырылады. Мұндай тәсіл медицина қызметкерлерінің жұмысын тиімді үйлестіруге, науқастардың жағдайына қарай көмек көрсету кезегін анықтауға, сондай-ақ диагностика және емдеу бөлімдерінің өзара байланысын жақсартуға мүмкіндік береді. Жаңа кешен тәулігіне 900-ге тарта науқасты қабылдай алады. Қазір нысандағы құрылыс жұмысы аяқталуға жақын.

Екінші маңызды жоба – Р.Қошқарбаев даңғылы, 64 мекенжайында орналасқан №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасына жапсарлас ғимарат салу және қолданыстағы нысанды реконструкциялау. Жоба аясында ауруханаңың ғимараты кеңейіп, балаларды қабылдауға, диагностикалауға және шұғыл көмек көрсетуге арналған қосымша бөлмелер ашылады. Негізгі назар балаларға шұғыл травматология көмегін көрсететін бөлімдердің жұмысын жетілдіруге аударылған. Қайта жаңғырту барысында науқастарды қабылдау және олардың жағдайы мен шағымының сипатына қарай сұрыптау үшін қосымша орындар қарастырылған.

Жаңа нысандар науқастарды дұрыс бағыттап, алғашқы медициналық тексеру мен диагноз қою жұмысын жақсартуға көмектеседі. Сондай-ақ балаларға, олардың ата-аналарына және медицина қызметкерлеріне қолайлы жағдай жасалады. Ересектерге арналған қабылдау-диагностика кешенінің құрылысы мен балалар ауруханасының кеңеюі – Астанадағы денсаулық сақтау саласын жаңғырту жұмысының бір бөлігі.

Аталған жобалар ауруханалардың материалдық-техникалық жабдықталуын жақсартып, шұғыл медициналық көмек көрсету мүмкіндігін арттырады. Нәтижесінде елорда тұрғындарына көрсетілетін медицина қызметінің сапасын жақсарта түсуге мүмкіндік туады.

ЖИ МАРҚҰМДАРДЫ ТІРІЛТТІ...

Жасыратыны жоқ, шынын айтсам, жасанды интеллектінің пайдасы да, залалы да жетіп артылады. Бір таңғаларлық жағдайды айтайын, бұл интеллектінің жаңа шығып жатқан кезі еді. Бір жақын туысымның әкесінің қайтқанына 50 жыл болған асына бардым.



Әдетте қайтыс болған адамның өмірінен роликтер, суреттер көрсетеді ғой. Ал мына роликте туысымның өмірден өткен әкесі мен шешесін ЖИ тірі адамдай сөйлеткен. Марқұмдар екеуі қосылып, «құлындарым бізге құран оқытам деп дастарқан жайдындар, о дүниеге кетсек те біз сендерді көріп отырмыз» деп сайрап тұр. Ал осы көрініске қандай баға береміз? Аста отырған үлкендер «Астапыралла, мыналар тіріліп келген бе?» деп зәрелері ұшты. Бұл енді жасанды интеллектінің жаңа шыққан кезінде болған оқиға.

Интеллект – өте ауқымды ұғым. Бұл өте жылдам дамып келеді. Сондықтан қоғамдық өмірдің қалыпты дамуына кедергісін де келтіріп жатыр. Ақпарат алудың өзі қиындап барады. Өшпенділік пен агрессия көбейіп кетті. Мысалы, былтыр Астанада «Бәйтерек» өртеніп жатыр деп шарпыған от жалынды, қисайып құлаған «Бәйтеректі» көргенде «мына опат үлкен залал әкелді-ау» деп қамықтық. Артында өтірік болып шықты, біреу жасанды интеллекті арқылы апатты жағдайды әлеуметтік желіге салып жіберген. Тіпті қазір әдемі боянып алып, ән салатын әншілер қатары көбейіп кетті. Басында байқамай «ойпыр-ай, мынау керемет әнші ғой» деп таң қаласың. Бажайлап қарасаң, атақты әншілердің дауысымен айтып тұр. Оны ауыз қимылынан байқап қаласың. Бұл – нағыз жеке адамның шығармашылығына қол сұғу деген сөз. Қазіргі Ресей мен Украина соғысында жантүршігерлік гибридті соғыстар көрсетеді. Осы керек пе? Оқиға ортасынан журналистің шынайы шындықты айтатын репортажына ештеңе жетпейді.

Тіпті қазір отбасында балаларымыздың қандай контент көріп отырғанын бақылай алмаймыз. Бұл бағытта заңмен негізделген тәртіп пен ереже керек шығар. Біз қазір журналистер жасанды интеллектіні интернет желісіне салған ақпараттың негізінде ғана жұмыс істеп отырғанымыз жасырын емес. Ал ойлау, зерттеу, авторлық жауапкершілік пен авторлық құқық мәселелері ескерусіз қалайын деп отыр. Олай дейтінім, жасанды интеллект журналистің қаншама жыл зерттеген тақырыбын, идеясын оның маңыздылығын басқа материал ретінде ұсынуы мүмкін. Сол тұрғыдан келгенде журналистің авторлық құқы қандай заңмен қорғалуы керек? Ол жағы белгісіз.

Рас, кеше бәріміз ақпаратты интернеттен іздедік. Бүгін интернет адамның сұрағына өзі жауап береді. Ертең ше? Жасанды интеллект адамзаттың көмекшісі болып қала ма, әлде оның орнын басатын күшке айнала ма? Бұл – XXI ғасырдың ең маңызды сұрақтарының бірі. Бүгінде жасанды интеллект ғылыми фантастика емес, күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Ол смартфондағы дауыс көмекшісінен бастап, медицинадағы ауруды анықтау жүйелеріне, білім беруден өндіріс пен журналистикаға дейін көптеген салаларда қолданылып келеді. Адам бұрын бірнеше сағат жұмсайтын жұмысты жасанды интеллект бірнеше секундта орындай алады. Бұл – технологиялық прогрестің жаңа кезеңі.

Алайда кез келген жаңалықтың екі қыры бар. Бір жағынан, жасанды интеллект адам өмірін жеңілдетеді. Дәрігерлерге дәл диагноз қоюға көмектеседі, мұғалімдерге оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді, кәсіпкерлерге үлкен көлемдегі мәліметтерді талдауға жағдай жасайды. Ал журналистердің қызметін жасанды интеллект атқара ала ма? Ақпарат беру мен оқиғадан репортаж беру деңгейінде атқарар. Журналистің образдық және адам тағдырын қозғайтын, оқырманға ой салып, ойландыратын мақаланы жасанды интеллект жаза ала ма? Жасанды интеллект көптеген сұрақтарға мүдірмей жауап береді. Бірақ, адамның ой-өрісін, сабырлығы мен парасаттылығын және ұлттың рухани құндылықтарын айырбастай алмайды. Мен осы Астанада төрт күндей жасанды интеллект курсына бардым. Байқағаным, жасанды интеллект бүкіл әлемге, дүние жүзіне әмірін бірдей жүргізеді екен. Оны үйретуші жас жігіт айтты. Сонда жасанды интеллектіде қазақтың ұлттық болмысы қайда, ата-бабаларымыздың рухы қайда деген сұрақ туындайды. Бәрі бірдей болса, баяғыдай «Мой адрес Советский Союз» болып кетпей ме? деген ой келді маған. Ол үшін жасанды интеллектінің базасын қазақтың тарихымен толтыру керек шығар.

Екінші жағынан, жасанды интеллект жаңа қауіптерді де алып келді. Жоғарыда жазғанымдай, ақпараттың таралуы, дипфейк технологиялары, жеке деректердің қауіпсіздігі және авторлық құқық мәселелері қоғам алдында жаңа сын-қатерлер туғызуда.

Болашақта ең бағалы қабілет – ақпаратты есте сақтау емес, оны түсініп, тиімді пайдалану болмақ. Қазақстан үшін де жасанды интеллект – үлкен мүмкіндік. Алайда бұл үшін цифрлық сауаттылықты арттырып, жас мамандарды жаңа технологияларға бейімдеу қажет. Болашақтың бәсекесіне тек технологияны қолданатын емес, оны жасай алатын ел ғана төтеп береді.

Цифрлық технологияның дамыған дәуірінде ең үлкен артықшылық интеллектінің жасандылығында емес, адамның даналығы мен адамгершілігінде болмақ. Болашақ өмірімізді жасанды интеллект емес, оны дұрыс басқара алатын адам ғана қалыптастыра алады.

Мағжан САДЫХАНҰЛЫ,
ардагер журналист

Белгілі ақын, аудармашы Дәурен Берікқажыұлының «Мақаншы мен Манхэттеннің арасы» атты кітабы бар. Иә, қаламгер Мақаншыда туып, өнерінің арқасында талай ел мен жер көрді. Айтпағымыз да сол, бүгінгі заманда таудай талабы, білімі, жағдайы бар қазақ баласына қайда барса да жол ашық. Әрине, қазір табыс табу мақсатында шетел асып жатқандар да бар. Бірақ білім қуып барғандардың қашанда жөні мен жолы бөлек. Осы Астанада дүниеге келіп, бүгіндері мұхиттың арғы жағында алған білімін жетілдіріп, еңбек етіп жатқан Данияр Ахмет сондай азаматтардың қатарында.

АҚШ-та «ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТ» АТАНҒАН

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Жыл сайын Астана күні мерекесін 6 шілдеде атап өтіп жүрміз. Алайда бұдан бұрын қалаға байырғы Ақмола атауы дәл осы күні, 1992 жылы қайтарылғанын ескере бермейміз. Данияр осы оқиғадан жарты жыл өткен соң дүниеге келді. Осындағы №22 мектеп-гимназияны бітірді. Одан соң АҚШ-қа аттанып, Нью-Йорк қаласындағы Berkeley College оқу орнында халықаралық бизнес бойынша бакалавр дәрежесін алды. Сол кезде қазақ баласы алғырлығын танытып, үздік оқыған қатарластарымен бірге «Құрметті студент» атанып, оның суреті оқу орнының жарнамалық плакаттарында тұрды.

Данияр мұнымен тоқтамай, мұхиттың арғы жағында оқуын жалғастырды. Қазір АҚШ-тың жетекші оқу орнының бірі, Калифорния университетінің Haas бизнес мектебінде магистратурада білім алып жатыр. Оқып қана қоймай, өзінің таңдаған саласы бойынша еңбек те етіп, біршама іс атқарды. Данияр Ахмет – қазіргі ең керек және сұранысқа ие ақпараттық технологиялар, бизнес-талдау, цифрлық өнімдерді әзірлеу, жасанды интеллект салаларының маманы. Осы уақытқа дейін бірнеше халықаралық компанияда жұмыс істеп, тәжірибе жинақтады, технологиялық жобаларды іске асыруға қатысты.

Атап айтқанда, Novo Nordisk, FLSmidth және Norlys халықаралық компанияларында еңбек етті. Соның барысында сараптамалық шешімдерді әзірлеу, мәліметтер инфрақұрылымын құру, корпоративті ақпараттық жүйелерді әртараптандыру, бизнестің нәтижелігін арттыруға бағытталған цифрлық өнімдерді жұмысқа енгізумен айналысты. Соның ішінде Norlys компаниясы клиенттерінің алған қызметті бағалайтын ішкі талдау жүйесін әзірледі. Бұл өнім 200-ден астам қызмет алушының арасында таралып, аталмыш компанияға талдау мәліметтеріне қол жеткізуге жол ашты және сырттағы қызметті ұсынушыға тәуелділікті төмендетті.

Сонымен қатар, Данияр ауқымды деректер инфрақұрылымын құруға, көптеген корпоративтік ақпарат көздерін біріктіруге және аналитикалық өнімдердің экожүйесін дамытуға қатысты. Атап айтқанда, оның жұмысы 8-ден астам дерекқорды біріктіруді және қызметкерлерге деректерге негізделген шешім қабылдау құралдарын ұсынатын 15-тен астам талдау жүйесін құруды қамтыды.

Кейіпкеріміз әрі қарай да пайда әкелетін технологиялық шешімдерді әзірлеуге баса назар аударып, жасанды интеллект және цифрлы өнімдер саласындағы білімі мен білігін дамытуға ниетті. Таңдаған кәсібіне сәттілік тілейміз!

КИЕСІ КЕТКЕН КИМЕШЕК

Осы нағыз қазақтікі дейтін ұлттық киіміміз қандай? Шапанның жөні осы деп ойымызға келген өрнекпен ойқыштап, адам иығына ілмейтін еттік. Қамзол, бешпенттеріңіз де осындай. Тойға кисең де, қойға кие алмайсыз.

Айгүл УАЙС

Соңғы кездері кимешек трендке айналып келеді. Бұл ретте этнодизайнер Тілек Сұлтанның еңбегі зор. Қазақтың кимешек кию дәстүрін қайта жаңғыртып, аналарымыздың сандығында жатқан кимешектерді өз қалпында халыққа ұсынып, талмастан насихаттауда. Соның арқасында өңіржиегі қызыл жіппен кестеленген «қызай кимешектер» көздің жауын алып, ұмыт қалған ұлттық құндылықтарымызбен Тілек Сұлтан арқылы қауышып жатырмыз.

Дегенмен, ұлттық киімдеріміздің кімге арналып, қандай жағдайда кию керек деген түсінігіміздің кемдігі қазақы образды дәл таппай отыр. Этнолог ғалымдар бұл үрдіске атсалыспай тұр. Сол себепті сарықарын бәйбішелер киетін киімді келіншектер, жас келіннің киімін орта жастан асқандар кие береді. Білімсіздіктен болған талғамсыздық та зиян. Алабажақ ою-өрнекті көрінген жерге жапсырып та бездіріп жіберді. Ол туралы айтылып та жүр.

Бүгінгі әңгіміміз кимешек туралы болмақ. Одан да кие кетіп барады. Себебі сол сауатсыздығымыздан қалай, бар киімді қайда киерімізді білмейміз. Шылауышы тілерсекке жеткен, күндігі таудай кимешекті басқа ілгеннен кейінгі әдебін ұстап жүре алмаймыз.

Әжелеріміздің кимешектерін көріп өстік. Шытырдай аппақ кимешегі жарқырап, төрде отыратын әжелеріміздің шалт қимылы түгілі, дауысын көтеріп сөйлегенін байқамаппыз. Кимешектің киесі сол емес пе, адамның артық қимылынан сақтап, бойын тіп тік ұстап көркін келтіруші еді. Сол себепті де ұл-қыз өсіріп, жеткізіп, ұрпағының абыройынан ел анасы атты құрметке ие болғандары ғана күндік орап, кимешек киетін. Кимешектің сәні әжелеріміз бе, әлде әжелеріміздің кимешектің сәнін келтіруші ме еді, білмеймін, сәні келіскен соң екеуі де асыл. Өзім болсам, батылым жетіп кимешек кие алмасым анық. Ондай жасқа жетіп, сондай құрмет иеленгенде ғана кимешегім келісер ме еді.

Жақсы делік, киетін кимешек бар ма деген сұрақ туындайды. Астананың белсенді зейнеткерлері кимешек



киюден жарысқа түскендей әсер қалдырады. Мақұл, әжелеріміздің аққимешегі жарасып ортамызда жүрсін делік. Енді сол апайлардың бірін-бірі «подружка» деп атап шақырып, селфилетіп, жиынның шырқын бұзып, үлкендікке жараспайтын әрекеттерін көргенде, ештен тынамыз. Кимешекті де көтеріп алып жүретіндер бар, басың көтермесе, қазақтың ұлттық киімін неге теріс жарнамалайсыздар дегіміз-ақ келеді.

Не киеміз дегенде тағы да дәстүріміз ге ден қоюымыз керек. Ол тарихта жазылып тұр. Өйткені ауа райының, көшіп-қону сияқты тұрмыс салты, тіпті руына да қарай әйелдердің кимешектері әртүрлі болған. Бүгінгі қаланың жағдайында қызайдың кимешегін киеміз де, батыс пен шығыстың, не Жетісудің кимешегін киеміз бе деген ой мазалайды. Этнодизайнер осы ерекшеліктерді ескеріп, әсіресе ішіндегі көзтартар келістісін көптеп шығарып, оның ұлттық киім үлгісіне айналдырудың амалын жасағаны игі еді. Әйтпесе бұл да шапанның кебін киіп, жыл он екі айда киілмейтін артық затқа айналады.

Кимешек киілгені жақсы, егде жастағы зейнеткерлеріміз насихаттай бастаса, дәстүрлі салтымызға сай, жас келіншектер де әсем киінуге икемделіп, әдемі ұлтымыздың мақтанышына айналар еді.

Қазақтың әйелі кимешек киген. Оны отқа да, суға да салатын, шашын басып қана қоймай, желден де, суықтан да, ыстықтан да қорғайтын киім ретінде бағаланған. Қазіргі күні сәндік бағамы асып тұрғанда талғаммен оралып, киілетін жерінде кисе, қазақ әйелінің образы жарқырап шыға келер еді.

Жөні осы екен деп арзан моншақпен әдіптеп, шашақ бауын төгілтіп қою жастарға жарасса да, кемпірлерге ерсі көрінеді. Оны да ескеріп, күлкі болмағаны абзал. Кимешек кидің бе, өз нақышында күндігін орап, құрметіңді түсірмеген жөн. Картоннан қоқырайтып, орыстың поптарындай киюге жеңіл деп алдаусыратуға болмас. Кимешектің киесі деген қазақтың ұлттық киімі, оны өзі тәртібі мен әдебін, мүмкіндігінде тарихи қалпына мұқият болған жөн. Оған арзанқол ұқсас дүниелерді басымызға жапсырып, берекесін алмайық.

Кейде үлкен жиындарда ала-құла, маңдайшасына ою түсірген, екі самайына арзанқол әшекей қадап, артық әдеміленгендерге қарап күрсінеміз.

Жалпы ұлттық киім киюдің жауапкершілігі бар, барша қазақтың имиджіне нұқсан келетін болса, дұрысы, ұлттық киімге ұқсас дүниелерден тартынған да жөн...

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

06.11.2026 №510-3652

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Нұрсұлтан Назарбаев» халықаралық әуежайы» АҚ екінші ұшу-қону жолағын инфрақұрылым объектілерімен бірге салу, қолданыстағы ұшу-қону жолағы мен инфрақұрылым объектілерін салу және реконструкциялау» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы ауданы, әуежай ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 1019,6914 га, жер учаскелері 2027 жылғы 1 ақпаннан бастап 2028 жылғы 1 ақпанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы « 06» 11
№ 510-3652 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-320-054-239	«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы» ММ	1000	1000	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай Батыр данғылы, №119/1 ғимарат	Әкімшілік ғимаратты пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
2.	21-320-054-259	«Астана халықаралық әуежайы» АҚ	4421	4421	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай Батыр данғылы, №119 үй	Әуежайдағы жабық көп ярусты автотұрақты пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (21.02.2057 ж. дейін)
3.	21-320-054-034	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Ақмола аудандық пайдалану бөлімі» РММ	1134	1134	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №7/2 ғимарат	Қонақүйді пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
4.	21-320-054-178	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің «Әуе көлігіндегі санитариялық-эпидемиологиялық сараптама Солтүстік-Батыс өңірлік орталығы» РМҚК	881	881	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №7 ғимарат	Ғимаратты пайдалану	Тұрақты ортақ үлестік жер пайдалану
5.	21-320-054-181	«SCAT» Авиакомпаниясы» АҚ	8704	8704	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, әуежай ауданы	Әуе кемелерінің тұрақ орындарын пайдалану	Жеке меншік
6.	21-320-054-167	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» ШЖҚ РМК	2177	2177	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №2/4 учаске	Өрт сөндіру резервуарларын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
7.	21-320-054-290	«Казцинк» ЖШС	3806	3806	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121/5 учаске	Ангар алдындағы алаңды және рульдеу жолын орналас-тыру	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (10.02.2065 ж. дейін)
8.	21-320-054-331	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ	2887	2887	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121/1 учаске	Әуе кемелерінің тұрағына арналған перронды пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (21.02.2057 ж. дейін)
9.	21-320-054-005	«Қазаэронавигация» РМК	12510	12371	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №4/3 учаске	Қону жүйесінің радиомаягын пайдалану (РСП 17-18)	Тұрақты жер пайдалану
10.	21-320-054-264	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ	338638	338638	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №123/1 учаске	Ұшу-қону жолағын, №1 құтқару және өртке қарсы қызметтерге арналған ғимаратты пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (21.02.2057 ж. дейін)
11.	21-320-054-332	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ	87483	87483	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121/7 учаске	Әуе кемелерінің тұрағына арналған перронды пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (21.02.2057 ж. дейін)
12.	21-320-054-261	«Қазаэронавигация» РМК	17970	17970	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №119/7 ғимарат	Мұнарасы бар Әуе қозғалысын басқару орталығының ғимаратын және ӘҚБ кәріз сорғы станциясын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
13.	21-320-054-204	Бикметов Ваез Хамматович	596	596	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №3-ғимарат	Ғимаратты пайдалану	Жеке меншік
14.	21-320-054-253	«Люкс Сервис KZ» ЖШС	1280	1280	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №1/1 учаске	Казандықты және өрт сөндіру резервуарларын салу және пайдалану	Жеке меншік
15.	21-320-054-007	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» ШЖҚ РМК	1040	1040	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №1/3 учаске	Жөндеу-пайдалану шеберханаларын (ЖПШ) пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
16.	21-320-054-254	«Люкс Сервис KZ» ЖШ С	781	781	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №1/2 учаске	Казандықты және өрт сөндіру резервуарларын салу және пайдалану	Жеке меншік
17.	21-320-054-003	«Қазаэронавигация» РМК	17126	17004	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №119Г учаске	Глиссадалық радиомаяқты пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
18.	21-320-145-2034	«Maybalyk estate» ЖШС	6528990	86922	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №123А учаске	Тауарлы ауыл шаруашылығын жүргізу	Жеке меншік
19.	21-320-054-223	«Евро-Азия Эйр Интернейшнл» АҚ	40496	40496	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №123 ғимарат	Ангарларды, ұшақтарды сақтау және оларға қызмет көрсету тұрағын, VIP-залы бар кедендік бақылау ғимаратын пайдалану (бірінші кезең-ангар)	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (26.09.2063 ж. дейін)
20.	21-320054-011	«Қазаэронавигация» РМК	6816	6816	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, әуежай ауданы	Глиссадалық радиомаяқты пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
21.	21320054-277	«AST Hub» ЖШС	10000	10000	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121/2 ғимарат	Әуе кемелеріне арналған әкімшілік-тұрмыстық корпусы бар ангарлық кешенді салу және пайдалану	Жеке меншік
22.	21-320-054:337	«QAZAQ OTAN GROUP» ЖШС	17543	17543	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121/10 ғимарат	Әуе кемелеріне арналған ангарды пайдалану	Жеке меншік
23.	21-320-054-010	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» ШЖҚ РМК	18849	18807	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №4/2 учаске	Глиссадалық радиомаяқты пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
24.	21-320-054-373	«Эйр Астана» АҚ	134310	134310	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121 ғимарат	Авиациялық-техникалық орталықты пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (25.09.2067 ж. дейін)
25.	21-320-054-303	«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көліктегі полиция департаменті» РММ	7028	18	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №117 ғимарат	Астана қаласының әуежайындағы желілік полиция бөлімінің әкімшілік ғимаратын пайдалану	Уақытша өтеусіз жер пайдалану (15.01.2024 ж. дейін)
26.	21-320-054-245	«Астана халықаралық әуежайы» АҚ	12598	34	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №11 учаске	Автотұрақты орналастыру	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (09.01.2066 ж. дейін)
27.	21-320-054-183	«Prime Aviation» АҚ	11430	11430	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №2 ғимарат	Ангар алдындағы алаңы бар ангарды пайдалану	Жеке меншік
28.	21-320-054-234	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» ШЖҚ РМК «Астана - Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ	28183	28183	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №4 ғимарат	А-320 әуе кемесіне арналған ангарды және трансформаторлық подстанцияны пайдалану Трансформаторлық подстанцияны пайдалану	Тұрақты жер пайдалану Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді ортақ үлестік жер пайдалану (24.11.2071 ж. дейін)
29.	21-320-054-357	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ	8310	8294	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №12/3 учаске	Рульдеу жолы мен перронды пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
30.	21-320-054-385	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ	28330	1	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №12/1 учаске	Кимек автожолын пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
31.	21-320-054-350	«AST Hub» ЖШС	11044	11044	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121/11 учаске	Әуе кемелеріне арналған әкімшілік-тұрмыстық корпусы бар ангарлық кешен аумағын кеңейтуді салу және пайдалану	Жеке меншік
32.	21-320-054-348	«Астана халықаралық әуежайы» АҚ	28439	28362	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №119/2 ғимарат	Жолаушылар терминалын пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
33.	21-320-054-344	«Қазаэронавигация» РМК	185	43	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №119/8 учаске	Өтуді ұйымдастыруға арналған учаскені пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
34.	21-320-054-343	«Қазаэронавигация» РМК	3870	3870	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №119/5 ғимарат	Материалдық-техникалық қамтамасыз ету орталығын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
35.	21-320-054-281	«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі» ММ	7296	16	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №10 ғимарат	Авиациялық техника тұрағын, ангарды және әкімшілік ғимаратты пайдалану үшін	Тұрақты жер пайдалану

36.	21-320-145-391	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ	850863	252578	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Әуежай, 1-кезең, Әуежайдан оңтүстік-батысқа қарай 3,5 км	Астана қаласының санитариялық-қорғаныш жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
37.	21-320-145-1915	«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ	242505	291	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №123В учаске	Астана қаласының санитариялық-қорғаныш жасыл аймағын пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
38.	21-320-145-2626	«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы» ММ	320000	320000	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №123 ғимарат ауданы	Әуе кемелеріне арналған ангарлар мен әкімшілік ғимарат салу үшін	Тұрақты жер пайдалану
39.	21-320-054-276	«Казцинк» ЖШС	10000	10000	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121/6 учаске	Терминалды салу және пайдалану	Жеке меншік
40.	21-320-054-375	«Астана халықаралық әуежайы» АҚ	34575	34575	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №119 ғимарат	Халықаралық әуежайды пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (03.03.2027 ж. дейін)
41.	21-320-054-257	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ	13590	13590	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №2/1 ғимарат	Жолаушылар терминалының ғимаратын пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (21.02.2057 ж. дейін)
42.	21-320-054-176	«Люкс Сервис KZ» ЖШС	58260	58260	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №2/2 ғимарат	Әуе кемелерінің ангарын және трансформаторлық подстанция-884 пайдалану	Жеке меншік
43.	21-320-054-236	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» ШЖҚ РМК	78469	8	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №1А учаске	Ангарларды және энергоблокты, авиациялық техника тұрағын, әкімшілік-тұрмыстық корпусы бар техникалық ғимаратты және жапсарлас құрылысты салу және пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
44.	21-320-054-258	«Астана халықаралық әуежайы» АҚ	34575	34575	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №119 ғимарат	ЖММ шығыс қоймасын, ғимараттарды, құрылыстар мен имараттарды пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (21.02.2057 ж. дейін)
45.	21-320-054-355	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ	20856	20817	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №12/2 учаске	Рульдеу жолы мен перронды пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (16.10.2069 ж. дейін)
46.	21-320-054-379	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ	11250	11250	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №123Д учаске	Нөсер кәрізінің тазарту құрылыстарын салу үшін	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (08.09.2027 ж. дейін)
47.	21-320-054-367	«ast hub» ЖШС	4715	4715	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121/12 учаске	Рульдеу жолын ұйымдастыруға аумақты кеңейту	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (11.08.2027 ж. дейін)
48.	21-320-054-374	«Эйр Астана» АҚ	8600	8600	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121Т ғимарат	Авиациялық-техникалық орталықты пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (25.09.2067 ж. дейін)
49.	21-320-054-247	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ	644	644	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №119Ф учаске	Автотұрақты пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (04.02.2063 ж. дейін)
50.	21-320-054-347	«Қазаэронавигация» РМК	704	704	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121П учаске	Доплерлік метеорологиялық радиолокаторды пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
51.	21-320-054-166	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» ШЖҚ РМК	45	45	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №2/4 учаске	Жапсарлас құрылысты пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
52.	21-320-054-235	Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бүркіт» мемлекеттік авиакомпаниясы» ШЖҚ РМК «Астана - Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ	2199	1733	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №2/3 ғимарат	Ангарларды және энергоблокты, авиациялық техника тұрағын, әкімшілік-тұрмыстық корпусы бар техникалық ғимаратты және жапсарлас құрылысты салу және пайдалану Трансформаторлық подстанцияны пайдалану	Тұрақты ортақ үлестік жер пайдалану Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді ортақ үлестік жер пайдалану (24.11.2071 ж. дейін)
53.	21-320-054-345	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің «Қазаэронавигация» ШЖҚ РМК	1855	1855	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №121Р учаске	Радиолокациялық кешенді пайдалану	Тұрақты жер пайдалану
54.	21-320-054-004	«Қазаэронавигация» РМК	657	657	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №77 өтпежол, №10/1 ғимарат	Стартық командалық пунктті пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді ортақ үлестік жер пайдалану (01.03.2015 ж. дейін)
55.	21-320-145-2666	«Майбалық балық тәлімбағы» ЖШС	4310000	849630	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №117Н учаске	«Майбалық балық тәлімбағына» қызмет көрсету үшін	Жеке меншік
56.	21-320-054-410	«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ	319	319	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №119/11 учаске	Автотұрақты пайдалану	Жеке меншік
57.	21-320-054-411	«Астана халықаралық әуежайы» АҚ	3124956	3123905	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №119 ғимарат	Халықаралық әуежайды пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді ортақ үлестік жер пайдалану (21.02.2057 ж. дейін)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 213 қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

1) «Астана қаласындағы Мұғалжар көшесі, Аққемер көшесі және Қоңырөлең көшесінің шекарасындағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу (жекемүліктік тұрғын үйлер, әкімшілік ғимарат, қонақ үйі, жер асты паркингі бар тұрғын үй).

Тапсырыс беруші - А.Д. Джанбаев.

2) «Астана қаласының ТМ-80, ТМ-15, Е117 (жобалық атаулары) көшелері мен К-2 сақиналы жолының шекарасындағы аумақты егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу

(Көппәтерлі тұрғын үй кешендері; балабақша; кинотеатр; мейрамхана, дәмхана; тұрмыстық қызмет көрсету үйі; бизнес-орталық; трансформаторлық қосалқы станция (ТП)).

Тапсырыс беруші - «Строительное развитие Астана» ЖШС.



Схемалармен «Астана қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ ресми сайтында толық таныса аласыз.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 4 желтоқсан, сағат 10:00-де Сарыарқа даңғылы, 13, 2-қабат (мәжіліс залы) мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде b.balgozhin@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

АИТВ инфекциясы көптеген жылдар бойы қоғамдық денсаулық сақтаудың маңызды мәселелерінің бірі болып келеді. Диагностиканың дамуына, тиімді емдеу әдістерінің пайда болуына және профилактикалық мүмкіндіктердің кеңеюіне қарамастан, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты қоғамда әлі де болса теріс көзқарас, қорқыныш және дұрыс ақпараттың жеткіліксіздігі кездеседі.

Бүгінгі таңда АИТВ инфекциясын тек медициналық тұрғыдан ғана қарастыруға болмайды. Бұл инфекция адамның өмірінің әртүрлі салаларына, соның ішінде отбасына, жұмысына, біліміне, психологиялық жағдайына және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына әсер етеді.

АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды кемсіту және оларға қатысты теріс көзқарастың қалыптасуы әлі де өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мұндай көзқарастың туындауына көбінесе инфекцияның берілу жолдары туралы білімнің жеткіліксіздігі себеп болады. Соның салдарынан адам айналасындағылардың айыптауына, негізсіз шектеулеріне немесе қорқынышына тап болуы мүмкін.

АИТВ инфекциясының күнделікті тұрмыстық қарым-қатынас кезінде берілмейтінін түсіну маңызды. Қол алысу, құшақтасу, бірге тамақтану, ортақ ыдысты пайдалану немесе бір бөлмеде болу арқылы АИТВ жұқпайды. Инфекция белгілі бір жолдармен беріледі: қан арқылы, қорғалмаған жыныстық қатынас кезінде, сондай-ақ қажетті профилактикалық шаралар жүргізілмеген жағдайда жүктілік, босану немесе емшек сүтімен емізу кезеңінде жұқтырған анадан балаға берілуі мүмкін.

Осындай ақпаратты кеңінен тарату инфекцияны жұқтыру қаупін төмендетіп қана қоймай, негізсіз қорқыныштарды жеңуге де көмектеседі. Қоғам АИТВ инфекциясының ерекшеліктерін неғұрлым жақсы түсінсе, осы диагнозбен өмір сүретін адамдарды кемсіту мен әлеуметтік оқшаулауға негіз соғұрлым аз болады.

АИТВ инфекциясының таралуына қарсы күрестегі маңызды бағыттардың бірі – инфекцияны уақтылы анықтау. Аурудың бастапқы кезеңдерінде айқын белгілер байқалмауы мүмкін, сондықтан адам өзінің АИТВ мәртебесі туралы ұзақ уақыт бойы білмеуі ықтимал.

АИТВ-ға тұрақты түрде тестілеуден өту инфекцияны дер кезінде анықтауға, маманнан кеңес алуға және қажет болған жағдайда емдеуді бастауға мүмкіндік береді. АИТВ-ға тексерілуді күдік тудыратын немесе айыптауға себеп болатын жағдай ретінде емес, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың бір бөлігі ретінде қабылдау қажет.

АИТВ туралы сенімді әрі дұрыс ақпарат жастарға, еңбекке қабілетті халыққа, отбасыларға және әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдеріне қолжетімді болуы тиіс. Бұл ретте алдын алу жұмыс қорқытуға емес, қауіп-қатерлер мен олардың алдын алу жолдарын түсінікті түрде түсіндіруге негізделуі керек.

Ерікті тестілеудің, кеңес берудің және медициналық көмектің қолжетімді болуы да маңызды шарттардың бірі болып табылады. Әрбір адам қажетті ақпаратты алуға және денсаулығына қатысты мәліметтердің жария болып кетуінен немесе қорланудан қорықпай, мамандарға жүгінуге мүмкіндік алуы тиіс.

АИТВ инфекциясының тиімді алдын алу жұмысы бүкіл қоғамның қатысуынсыз мүмкін емес. Медициналық ұйымдар диагностика, емдеу және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді. Алайда денсаулыққа жауапкершілікпен қарау мәдениеті отбасында, білім беру ұйымдарында, еңбек ұжымдарында және бұқаралық ақпарат құралдарында да қалыптасады.

Жастар арасында алдын алу жұмыстар жүргізудің маңызы ерекше. Қолжетімді әрі дұрыс ақпарат беру жауапты мінез-құлықты қалыптастыруға, ықтимал қауіптерді түсінуге және айналадағы адамдарға құрметпен қарауға ықпал етеді. Сонымен қатар айыптау мен қалыптасқан теріс стереотиптерден аулақ болу қажет. Өйткені мұндай көзқарастар денсаулық мәселелерін ашық талқылауға және медициналық көмекке уақтылы жүгінуге кедергі келтіреді.

АИТВ мәртебесінің болуы адамның өзіне деген теріс көзқарас танытуға, кәсіби мүмкіндіктерін шектеуге немесе оны қоғамдық өмірден шеттетуге негіз болмауы керек. Денсаулыққа қатысты медициналық мәліметтер құпия ақпарат болып табылады және заңнамаға сәйкес қорғалуы тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі де ерекше. АИТВ инфекциясы туралы материалдар ғылыми деректерге негізделіп, өзекті ақпаратты қамтуы және қоғамда үрей тудырмауы қажет. Тақырыпты дұрыс әрі сауатты жариялау профилактикаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастырып, халықтың медициналық ұйымдарға деген сенімін арттырады.

АИТВ инфекциясы – тек медицинаның ғана емес, қоғамның әлеуметтік жауапкершілігі мен мәдениетінің де көрсеткіші. Қазіргі заманғы диагностика мен емдеу әдістері инфекцияның адамның өмір сүру ұзақтығы мен сапасына әсерін едәуір төмендетуге мүмкіндік береді. Дегенмен тұрақты нәтижелерге қол жеткізу үшін профилактикалық жұмыстарды жалғастырып, халықтың ақпараттандырылу деңгейін арттыру және АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигматизацияға жүйелі түрде қарсы тұру қажет.

Әрқайсымыз бұл іске өз үлесімізді қоса аламыз. Ол үшін сенімді ақпарат көздерін пайдалану, өз денсаулығымызға жауапкершілікпен қарау, медициналық көрсетілімдер болған жағдайда уақтылы тексерілуден өту және АИТВ-мен өмір сүретін адамдарды кемсітуге жол бермеу маңызды.

АИТВ инфекциясымен күрес үш негізгі қағидатқа сүйенуі тиіс: білім мен ақпараттандыру, медициналық көмектің қолжетімділігі және адамға деген құрмет. Медицина қызметкерлерінің, мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың және халықтың күш-жігерін біріктіру арқылы ғана инфекцияның таралуын одан әрі төмендетіп, диагноз адамның қорқынышының, қоғам тарапынан айыптаудың немесе әлеуметтік оқшауланудың себебіне айналмайтын қоғам қалыптастыра аламыз.

А.ИДРИСОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК алдын алу жұмысы бөлімінің дәрігері эпидемиологы

№134 (5032) 12/11/2026 Бейсенбі



КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА КЕШІ

Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында классикалық музыка кеші өтті. Театрдың симфониялық оркестріне бас дирижёр, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Бейсембаев жетекшілік етті. Кештің солисті – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, пианист Нұрлан Измаилов.

Кеште Латиф Хамидидің «Қазақ вальсі» әнінің тақырыбына жазылған симфониялық фантазия, Николай Римский-Корсаковтың «Патша қалыңдығы» операсының увертюрасы және Сергей Рахманиновтың фортепиано мен оркестрге арналған №3 концерті орындалды. Симфониялық фантазия Ренат Салаватовтың өңдеуінде, Ерлан Бейсембаевтың редакциясында ұсынылды. Үш шығарма да театр сахнасында алғаш рет орындалды.

Ерлан Бейсембаевтың айтуынша, бұл бағдарлама бірнеше ай бойы дайындалды. Әр шығарманың орындау техникасы мен интерпретациясына көп көңіл бөлінді. Соның ішінде Рахманиновтың «үшінші концертіндегі» кез келген оркестрлік эпизод музыкалық ойға соншалықты бай екеніне ерекше назар аударылды.

Осы Рахманиновтың «үшінші концерті» – Нұрлан Измаилов үшін ерекше шығарма. Ол бұл туындыны Мәскеу консерваториясындағы бітіру емтиханында ойнады. Бірақ ұзақ уақыт бойы оркестрмен қосылып орындаудың сәті түспеді. Мұндай мүмкіндік алғаш рет 2018 жылы туды. Сол жылы бұл концертті филармонияда орындаған.

Көрермендердің қошеметіне бөленген Нұрлан Измаилов Сергей Рахманиновтың «Этюд-картинасын» да орындады. Театрдың симфониялық оркестрінің орындауындағы Николай Римский-Корсаковтың екпінді «Араның ұшуы» шығармасы мазмұнды музыкалық кештің жарқын түйіні болды.



КІТАП ОҚУ БІЛІМДІ ҰЛТ БОЛУҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Елордада «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында «Қаныш Сәтбаев және білімді ұлт» атты дөңгелек үстел отырысы өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Іс-шараның негізгі мақсаты – академик Қаныш Сәтбаевтың ғылыми және рухани мұрасы негізінде студент жастардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру және «білімді ұлт» идеясын өзекті ету.

Отырыс барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Кітап оқитын ұлт» жобасының мақсаты мен маңызы, кітап оқу мәдениетін дамыту және ұлттық әдеби мұраны насихаттау мәселелері талқыланды.



Іс-шараны ұйымдастырып, жүргізген Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті Астана қаласындағы филиалының «Қазақ және орыс тілдері» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Қанағат Алтайбекова «Кітап – адамзаттың ең асыл қазынасы. Технология қарыштап дамығанмен, осы заманда кітаптың алар орны зор. Ол - біздің рухани азығымыз, өткені мен бүгініміздің алтын көпірі. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл идеясы мәдени бастама ғана емес, елдің интеллектуалды және рухани қауіпсіздігіндегі маңызды мәселе» деді.

Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті Ә.Бүркітбаев атындағы энергетика және машина жасау институтының директоры, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Қасым Елемесов қазіргі заманда техника дамығанымен, жасанды интеллект шығып, телефон арқылы кітап оқуға болғанымен, кітапты қолға ұстап оқудың мән-маңызына тоқталды.

«Өз басым өмір бойы кітап оқумен келе жатырмын. Содан пайда көрмесем, зиян көрмедім. Біздің ғылыми орда, Сәтбаев университетінен де қаншама қаламгер шықты. Ең алдымен Ілияс Есенберлинді айту керек. Бұл кісі қазақ классикасына айналған «Көшпенділер» трилогиясын жазғанын білесіздер. Осы шығарма желісімен кино да түсірілді. Бұл кітапты өзім 4-5 рет оқыдым. Әр оқыған сайын өзіме жаңалықтарды ашып отырдым. Біздің университетті бітірген қаламгерлердің қатарында көрнекті ақын Иран Ғайыпты да айтуға болады. Осындай қаламгерлерді біздің студенттер міндетті түрде оқу керек деп есептеймін. Ғалымдардың дәлелдеуінше, кітапты қолға ұстап оқудың пайдасы көл-көсір. Әрине, аудиокітаптар бар. Бірақ кітапты құлақпен тыңдағаннан мида естігеннің 10 пайызы ғана қалатыны айқындалды. Кітап ешқашан өзінің құндылығын жоғалтпайды» деді Қасым Елемесов.

«Кітап оқитын ұлт» жобасының Астана қаласы бойынша жобалық кеңсесінің басшысы Жақсыбай Боранбаев алдымен Қаныш Сәтбаевтың елге сіңірген еңбегіне тоқталды. Білім алудың, кітап оқудың, еңбек етудің маңызы жайында әңгімеледі. «Кітап оқу» марафоны аясында ұсынылған еңбектердің бірі американдық жазушы Рэй Брэдберидің «Фаренгейт бойынша 451 градус» романының адамзатқа айтарын тарқатты.

«451 – қағаздың жану градусы екен. Бұл кітапта болашақта бүкіл кітап өртеледі, өрт сөндірушілер үйінен кітап табылған адамды жазалайды, білім тек қана жасанды интеллектте болады, бұған келіспеген кейіпкерлер кітаптарды жаттап, ауызша әңгімелеп, бір-біріне таратады деген ой айтылады. Былайша айтқанда, кітаптың құндылығын насихаттайды» деді Жақсыбай Боранбаев.

Іс-шарада Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті Астана қаласындағы филиалының студенттері Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен ғылыми мұрасы туралы баяндамалар оқыды. «Қаныш Сәтбаев және білімді ұлт», «Сәтбаев мұралары және білімді ұрпақ мәселелері», «Қаныш және ғылыми майдан», «Бір кітап – мың ой» тақырыптары бойынша ой-пікірлер ортаға салынды. Қонақтар, оқытушылар мен студенттер арасында ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, кітап оқудың тұлғалық және кәсіби дамуға, ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға қосатын үлесі талқыланды. Қатысушылар жастар арасында кітап оқуды насихаттайтын жаңа бастамалар бойынша ұсыныстарын айтты.

ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫ ҰЛЫҚТАДЫ

Астанада «Жас өрен» домбырашылар ансамблінің есеп беру концерті өтті. «Адал азамат» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған рухани-мәдени кеште жас өнерпаздар қазақтың дәстүрлі күйлерін орындап, жыл бойғы еңбегі мен жетістіктерін көпшілікке таныстырды.

Концерт барысында «Жас өрен» ансамблінің мүшелері қазақтың белгілі күйлері мен музыкалық шығармаларын орындады. Домбыраның қоңыр үні арқылы тыңдарманға халқымыздың тарихы, дүниетанымы мен ұлттық болмысы таныстырылды.

Роза Бағланова атындағы №2 балалар музыка мектебінің директоры Жалғас Құдайбергенұлы жас өнерпаздардың жетістігіне тоқталып, олардың бойында ұлттық өнерге деген құрметті қалыптастыруда ұстаздардың еңбегі зор екенін атап өтті.

«Бүгін өнерлі балаларымыздың осындай деңгейде өнер көрсетіп жатқанын көріп, қуанып отырмын. Оларға білім беріп, ұлттық өнерге баулып жүрген ұстаздардың еңбегі зор. Осындай концертті ұйымдастырып, ұлттық күйлерді насихаттап жүрген барша ұстазға алғысымды білдіремін. Балаларды өнермен тәрбиелесек, болашақта олар білікті маман болып қалыптасады. Музыкант немесе домбырашы бола ма, әлде басқа мамандықты таңдай ма, ол маңызды емес. Ең бастысы, олар ұлттық өнерді танып, домбыраны өзіне серік еткеніне мақтануы керек. «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөз бар. Балалардың бойында осындай ұлттық құндылықтарға деген құрмет қалыптасқаны қуантады» деді ол.

Ал ансамбль жетекшісі, домбыра сыныбының оқытушысы Қарлыға Ниханбаева «Жас өреннің» қалыптасу тарихы мен жетістіктеріне тоқталды.

«Мен «Жас өрен» домбырашылар ансамблін 2013 жылы құрдым. 2018 жылдан бастап №70 мектепте Роза Бағланова атындағы №2 балалар музыка мектебінің филиалы ашылып, ансамбль жұмысын осы жерде жалғастырды. Қазіргі уақытта «Жас өрен» домбырашылар ансамблі қалалық, республикалық және халықаралық байқауларға қатысып, бас жүлделерді иеленіп жүр. Бүгінгі есеп беру концертімізге филиал тәрбиеленушілері мен ата-аналар жиналды. Кеш барысында 26 бала өнер көрсетті» деді Қарлыға Ниханбаева.

Концертте ансамбль оқушылары да өздерінің шығармашылық жолы туралы әңгімеледі.

«Біз домбыраны бірінші сыныптан қолға алдық. 10 жылға жуық домбыра тартып келеміз. Қазір 30-дан астам күй білеміз. «Жас өрен» ансамбліне екінші сыныптан бері қатысып келеміз. Осы уақыт аралығында республикалық, халықаралық байқауларға қатыстық. Алдағы уақытта да домбыра өнерін жалғастырып, осы бағытта білімімізді жетілдіргіміз келеді» деді Айғаным Еламан мен Алуа Аңсат.



Іс-шара ұлттық өнерді дәріптеудің және жас ұрпақтың домбыраға деген қызығушылығын арттырудың маңызын көрсетті. Осындай шығармашылық кездесулер арқылы жас орындаушылардың шеберлігі шыңдалып, қазақтың күй мұрасы мен домбыра дәстүрінің сабақтастығы нығая түседі.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 134
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС